

«Шет тілдері» кафедрасы

2020 жылдың 18 қыркүйегінде сағат 13.00-де

ұлы ойшыл, көрнекті ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған

Microsoft Teams-те «Тек ақыл, ғылым, ерік, ар-ұждан адамды көтереді»

атты онлайн-тәрбиелік іс-шара өткізді

Тәрбиелік іс-шара «*Рухани жаңғыру*» бағдарламасы аясында өткізіліп, **60-тан астам ҚарТУ студенттерін қамтыды.**

Іс-шара ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде өткізілді. ҚарТУ университетінің 1 және 2 курс студенттері іс-шараға белсенді қатысты: өлеңдер оқыды, презентациялар ұсынды, домбырада шебер ойнады.

Биыл ұлы ақын, ойшыл және де қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толады. Абай философиясымен қатар халық, мәдениет және тіл туралы дана ойлары Қазақстандықтардың кейінгі ұрпақтары үшін құнды рухани мұраға айналды.

Абай-ұран, Абай шығармашылығы-заман тынысы, Абай-халық дауысы. Абайдың жарқын бейнесі және оның өлеңдері мәңгі бізбен бірге. Абай-қазақ халқының жолының көрінісі. Ол әлем мойындаған көркем сөздің зергерлік шебері. Халқымыздың рухани байлығын бүкіл әлемге ашқан ақынға тең келер тұлға жоқ.

Бұл іс-шараның мақсаты: студенттерді ұлы ақын және ойшыл Абайдың шығармашылығымен және өмірбаянымен таныстыру, студенттерді дана Абай шығармаларына тарту, ұлы автордың идеясын насихаттау, халықтың мәдени мұрасын зерттеу арқылы патриотизмді қалыптастыру, студенттердің шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту.

Іс-шараға жауаптылар: меңгеруші кафедрa меңгерушісі, п.ғ.к., доцент *Джантасова Дамира Дулатовна*, кафедраның тәрбие жұмысына жауапты *Изотова Айгерим Сериковна*, кафедра оқытушылары *Абдыкаримова Молдир Маратовна*, *Абдыкаримова Гулнур Маратовна*.

Есенбаева Толқынай (ГПР 19-1) ағылшын тілінде презентацияны, ал Армия Айшуақ (ГПР 19-1) ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығының қызықты фактілер туралы қазақ тілінде презентацияны ұсынды.

Ержан Қали (ГПР 19-1), Марат Арман (Сиб 20-3), Сергей Капралов (Сиб 20-3), Алексей Чекушин (Сиб 20-3), Елюсизов Олжас (Аиу 20-3), Исабекова Азиза (Аиу 20-3), Ибрагимов Рахимжан (Аиу 20-3) Абай Құнанбаевтың өлеңдерін ағылшын тілінде оқыды.

Ақбергенова Роза (гр.ГПР 19-1) орыс тілінде өлең оқыды.

Алихан Узакбай (Аиу 20-3) түрік тілінде өлең оқыды.

Амантай Диас (ГД 20-3) домбырада күй орындады.

Ақанова Әмина (ПР 19-1), Куликов Иван (Сиб 20-3), Муксинов Рустам (Сиб 20-3), Мухаматнуров Роберт (Аиу 20-3) қазақ тілінде өлеңдер оқыды.